

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының
№1 хаттамасы**

2023 жыл «24» ақпан

Қарауылкелді ауылы

Отырысқа шақырылғандар: Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 7 адам, сонымен қатар отырысқа аудан әкімі және аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Байғанин ауданы әкімінің 2022 жылы атқарылған жұмыстары және алдағы 2023 жылға міндеттері туралы есебі

Б.Тажімұратов

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 7 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша сөз аудан әкімі К.Утаровқа беріледі.

Тыңдалды: Аудан әкімі К.Утаровтың баяндамасы тыңдалды.

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Ерғалиев А: Ауданға кіре беріс жерге арка жасау проектасы дайын дедіңіз, оған ақша бөлініп жатыр ма?

Жауап: 29 млн. теңгенің ПСД-сін жасадық, қазіргі таңда жаз шықпай бұл жоба жасалынбайды, сондықтан 5 млн. теңге бөлінді, себебі ұтып алған адам қыс бойы материалдар жинап тез бастап кетуіне ықпал еттік. Жазда қалған қаржысын депутаттармен келісіп береміз.

Сұрақ –Ускинов Н: Елді газдандыру жөнінде айтылып жатыр, қасымыздағы Көкбұлақ, Қосарал елді мекендерін газбен қамтамас ету керек емес пе?

Жауап: Бұл елді мекендерді газдандырудың кешігіп тұрғаны адам санының жетіспеуінен болып тұр.


Сұрақ –Тажімұратов Б: Менің екі сұрағым бар. Бірінші сұрағым мемлекеттік бағдарламалар бойынша дипломмен ауылға бағдарламасы және ауылға аманат деген бағдарлама бар, осы дипломмен ауылға алу кезінде кедергілер көп болып тұр. Сұранысқа ие мамандық бар мысалы, ол бір орынға географ керек болса соған берілген үстеме ақша және тұрғын үй беріледі, бірақ білім бөлімі бір орынға екі мұғалім алады да сонын біреуі алып, екіншісі ала алмайды екен осы сұраққа жауап берсеңіз? Екінші сұрағым әлеуметтік бағдарлама ма, әлде бизнестік бағдарлама ма?

Жауап: Білім бөлімі, Денсаулық, Қаржы бөлімі жиналып талқыладық, әрбір салада отырған басшылары өздерінің пікірлерін айтты, қортындылай келгенде осы жиналысқа аудандық прокурорды шақырып жиналыс жасап бір ауыздан қай салаға қандай маман керек дейді соған ақша бөлінеді.

Ауыл аманатының мақсаты ауылдардағы тұрғындардың әл ауқатын көтеру маңыздылығы. Атаулы әлеуметтік көмекті азайту, жұмыссыздықты азайту, осы азаматтарға өз ауласында шағын қызмет ашып беру болып саналады. Ауыл аманаты, ол несие беру болып табылады.


Б.Тажімұратов Қоғамдық кеңес мүшелеріне отырысқа қатысқандарыңызға алғыс айтамын. Отырысқа қатысқандарыңызға рахмет.

Төраға



Б.Тажімұратов

Хатшы



А.Биржарова